



«Рухани жаңғыру аясында» - «ЖАСА ҚАЗАҚ»




Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы № 3 орта мектебінде «Рухани жаңғыру аясында» 6 «ә» және 7 «ә» сынып оқушылары, (сынып жетекшілері: Ақбураева Т, Жолдас Г) бірігіп «Жаса қазақ» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Ашық тәрбие сағатында Қазақстан Республикасының сонау бастан кешкен тарихи жылнамаларымен бірге қазіргі тәуелсіз Қазақстанның толағай жетістіктері, болашақ жоспарлары аталып өтілді. Оқушыларға «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» деген ұғымдар жан-жақты қырынан айтылып, түсіндірілді. 6-7 сынып оқушылары арасында «Мен егер Президент болсам.....» тақырыбында ғылыми жоба қорғалып, оқушылардың мемлекетімізді болашағына, ертеңіне алаңдайтыны барша ұстаздың көңілінен шықты.

Сабәқ соңында ұстаздар ашық тәрбие сағатының жоғары деңгейде өткенін атай келе, оқушылардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясына өз үлестерін қосып жатқандарына алғыстарын білдірді.

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы
«Жетібай ауылы № 3 орта мектебі» КММ
Орыс тілі пәнінің мұғалімі
Ақбураева Тогжан Жеңісқызы

ҰСТАЗЫ МЫҚТЫНЫҢ – ҰСТАНЫМЫ МЫҚТЫ



Ұстаз – ол ұлы есім. Ұстаз жас ұрпақтың рухани сәулеткері. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Мен, бүгін сондай бір ардақты жан туралы баяндағым келіп отыр. Ол бүгінгі таңда ардагер ұстаз, әрі менің өмірлік ұстазым – анам **Кулчабаева Қибаг Алдоңғарқызы**. Анамның ұстаздық өміріне тоқталатын болсақ 1972 жылы 17 жасында Қызылорда қаласындағы «Қыздар педагогикалық училищесіне» түсіп, 1976 жылы ол оқуды бітіріп, Жетібай ауылының №3 орта мектебіне қызметке орналасады. Ұстаз бола жүріп тұрмыс құрып, ұл-қыз тәрбиелеп өсірген ардақты ана, ұлағатты ұстаз. «Ұрпақ болашағы, халықтың келешегі ұстаздың қолында» - деп бекер айтпаған. Себебі ақын-жазушы да,

дәрігер де, ғалым да, ғарышкер де, әкім де бәрі-бәрі ұстаздан тәлім алады. Ұстаз шәкірті үшін отқа да, суға да түсіп, қуанса қоса қуанатын аяулы жан. Менің анам Алдоңғарқызы Қибаг сондай мейірімді, ибалы шәкіртіне берері мол жан. Әрбір шәкіртін өзінің туған балаларынан кем көрмей солар қуанса қоса қуанып, қайғырса бірге қайғырған. Мен бала болсам да анам мен шәкірттерінің арасындағы тығыз байланысты, мейірім мен махаббатты көріп өстім. Анамды шәкірттерінен қызғанған да кезім болды, анама қызыға қараған да кезім болды. Себебі алдында қанша бала болса да бәрін өзінше жақсы көріп, бәріне жақын бола білді. Шәкірттері де анамды күнде құшақтап қарсы алатын. Анам әрі ұстаз, әрі психолог бола білді. 35жыл еңбек өтілімінде қаншама шәкірт тәрбиелеп шығарды. Бүгінде сол шәкірттерінің бірі де анамды ұмытқан емес. Жыл сайын, мереке сайын анамның қолын алуға келіп тұрады. Анам да шәкірттерінің жетістіктерін естіп қуанып жүреді. Анаға қарап қыз өсер демекші осындай ананы көріп өскеннен бе мен де ана жолын қуып ұстаз болдым. Әрі ақылшым, әрі сырласым анам ұстаздық жолда да әрі ұстазым, әрі ақылшым болды. Бүгінде ардагер ұстаз болса да анамнан әлі аларым көп. Анам ұстаздық етіп жүріп өлең жазатын ол қасиеті әлі де бар.

Менің ұстаз болғаным 13 жыл болса да анам 63-ке келсе де әлі анамнан кеңес сұрап отырамын. Бағдарлама қанша өзгерсе де анамның алып қосары, ұсынысы өте көп. Сөзімді қорытындылай келе «Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты» демекші анамдай саналы да ақылды, тәрбиелі шәкірт тәрбиелеу менің алдыма қойған мақсатымның бірі.

Танатарова Разия Нұрымқызы
Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы
№ 3 Жетібай орта мектебі

ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТІ

Темиргалиева Шынар Бактыгереевна
Қазталов аудандық білім беру бөлімінің
жоғары санатты бастауыш сынып әдіскері
БҚО, Қазталов ауданы, Қазталов ауылы

Қазіргі заман талабы сапалы, әрі терең білім беру жолдарын әлемдік дәрежеде көрсетуді қажет етеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті қазіргідей әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар білікті мамандар қажет. Дарынды оқушыдан білімді маман шығады. Осы жауапты жұмысты іске асыруда басты жауапкершілік - бастауыш сынып мұғалімдеріне жүктеледі. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы еліміздің білім жүйесі алдында сапалы білім беруде әлемдік стандарттар деңгейіне қол

жеткізу керектігі атап көрсетілген. Білім саласына деген мемлекетіміздің шексіз қамқорлығы мен ұстаздар мәртебесін көтеруге бағытталған шаралар жаңа формация мұғалімдерінің алдағы дамуына себепші болады.

Заманның талабына сай жаңашыл ұстаз қатарында зерттеуші ұстаздар ерекше орын алуда. Олардың оқыту технологиясының ерекшелігі білімді меңгеруге емес, тұлғаны танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді және шығармашылық қабілеттерін қанағаттандыруында. Дамудың жаңа сатысына бағыт алған мектептің ең негізгі өзегі - оқушылардың зерттеушілік ізденісі мен өздік дамуын жетілдіру болып табылады. Осы бағытта білім алып отырған әрбір жас жеткіншек қоршаған ортаны зерттей отырып, өз бетімен білімін жинақтап, оны тәжірибе жүзінде өмірде қолдана білуі тиіс.

Қазіргі кезде зерттеушілік шағын кәсіби ғылыми қызметкерлер тобына ғана тән, аясы тар мамандырылған қызмет ретінде емес, ол кез-келген саладағы қазіргі адамдардың өмір сүру тәртібіне айналған кәсіби өмірге белсене араласатын, тұлғаға тән құбылыс.

«Зерттеу» түсінігі «Үлкен кеңес энциклопедиясында» «жаңа білім алу процесі және танымдық әрекет түрлерінің бірі болып табылады» делінген. Танымдық әрекет оқушы үшін қабылдаушылық және өзгертушілік сипатта болуы мүмкін. Оқушының танымдық өзгертушілік әрекеті зерттеушілік деп аталатын әдістің көмегімен жүзеге асырылады. Интеллектуалдық, шығармашылық қабілеті жоғары оқушыға өз бетімен білім алуына жағдай жасалуы тиіс.

Зерттеуші оқушы өзінің табиғатынан зерттеуге бейім келеді. Білуге құмарлық, бақылау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу баланың балалығымен бірге жүретін процесс. Зерттеу, іздеу белсенділігі – баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Зерттеушілік әдебіндегі басты ерекшелік - өзін-өзі үйрету, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту арқылы қалыптасатын ізденушілік белсенділігі.

Оқушының іс-әрекет процесіндегі қасиеті оның тұлғалық қасиеттеріне айналады. Тұлғаның қасиеттері, оның қасиеті жалпыадамзаттық құндылықтар ретінде қарастырылады. Сонымен қатар әр адам өзін қоршаған ортасымен қарым-қатынасы түрліше болуына байланысты оның әдеби де түрлі формада байқалады. Зерттеушілік еркін, белгілі бір сыртқы жағдайлармен шектеусіз жүргізілуі тиіс. Зерттеу жұмысының барлық кезеңдеріндегі негізгі күтілетін нәтиже – баланың жаңадан алған білімін шығармашылықпен игеру қабілетін; алынған материалды өңдеу және зерттеушілік әдебінің дағдыларын дамыту. Оның кішкентай ғана зерттеу нәтижесін басқалармен шатастыруға болмайды.

Мұғалім үшін негізгі нәтиже – баланың қолдан жасаған макеті немесе суреті емес, оның өз бетінше алған ең құнды шығармашылық зерттеу жұмысы, жаңа білімі мен білігі, жай орындаушы ғана емес, анық шығармашыл психикалық жаңа көзқарасы.

Зерттеуші мұғалімге қойылатын талап:

1. Кәсіби даярлығы жоғары деңгейде болу керек;
 2. Ғылым және практиканы ұштастыра білу;
 3. Өз білімін үнемі жетілдіру арқылы, ғылыми ұйымдастыру ұстанымын тәжірибеде қолдана білу.
- Зерттеуші мұғалім мыналарды білуге тиіс:
-Әдіснама, логика, зерттеу әдістері, принциптер, жүйелеу, ғылыми ақпарат.

Ұстаздар ол үшін өз алдына мынадай негізгі мақсат қою керек:

1. Бастауыш сынып оқушыларында өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын (ата-аналармен, жеке пән мұғалімдерімен бірлесе отырып) қалыптастыру.
2. Оқушының өз пікірі бар, дара тұлға ретінде бағыттап тәрбиелеу (қабілетіне, тума талантына сай)
3. Оқушыға сенімділік білдіру, пәнге деген қызығуларын арттыру, жеке шығармашылық деңгейін көтеру.
4. Өз білімділігіне сенімділігін, оны дамыта алатындығына бағыт беру.
5. Жоспарлау, мақсат пен міндет, ақпараттық қормен қамтамасыз ету. Талдау, іскерлік дағдыларын, белсенділігін, өз білімін көтерудегі бағытына бағдар жасауға жол ашу.

Оқушылардың қабілетіне сай белсенділігі жоғары, шығармашылығы ғылымға бағытталған жеке бастың «Мен» тұлғасын ұстаз ретінде мынадай сапада талдауға болады:

1. оқушы таңдаған пәннің ғылыми саласын, жалпы ғылымның теориялық негізін, әдістемесін, тарихи дамуын, қазіргі жетістігін бағытқа алу;
2. ғылыми жұмыстың негізін даралау (педагог ғылыми жетекші көмегімен);
3. жаңа әдебиеттермен қамту;
4. оқушы таңдаған ғылыми жұмыстың мақсатын айқындау;
5. ғылыми жұмысқа сай материал таңдайды (оқушы), педагог ретінде бағыт-бағдар беру;
6. жаңа диагностикалық зерттеулер жүргізу (оқушы педагог көмегімен);
7. ғылыми жұмысқа жергілікті компонентті пайдалану;
8. дидактикалық материалдар жинау;
9. диагностикалық бақылау жүргізу;
10. сауалнама негізгі ғылыми жұмыс тақырыбына сай;
11. ғылыми жұмысына талдау мониторингі жұмысы ғылыми жұмысты қорытындылайды.

Оқушының зерттеушілік әрекетінің жетекшісі төмендегі ережені сақтауы тиіс:

- оқушыларды өз бетінше әрекет етуге үйрету;
- нақты нұсқаулардан гөрі баланың ұсынысына көңіл аудару;
- талқылау кезінде баға беруге асықпау;
- білім алу барысында балаларға көмектесу;
- өз бетінше проблеманы шығару;
- проблеманы өз бетінше шешу дағдыларын қалыптастыру;
- пәндер менқұбылыстар арасындағы байланысты бақылау;
- ақпаратты талдау, талқылау, жүйелеу, топтау және жинақтау;
- өзіндік пікірін ешбір қорқынышсыз ұсыну.

5. оқушыларды өз идеяларын ұсына білуге және қате пікірінен бас тартуға, шыдамдылық танытуға үйрету.

«Ел болам десең бесіңді түзе» деген Мұхтар атамыздың тамаша қағидасын ертеңгі жарқын болашақтың негізін қалайтын білімді, дарынды ұрпақ тәрбиесінің құдыреті ретінде бағытқа алу керек. Адамзат қоғамы ғылыми-техникалық прогресс жетілген ХХІ ғасырға қадам басқанда білім берудің жаңа әлемдік кеңістігіне жол ашылды. Білім беру парадигмасы өзгерді. Оқудың мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас қалыптасты. Негізгі

міндет – оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге үйрету, өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізуге баулу, қосымша пәндерді оқып-үйренуге негізгі біліктіліктермен қаруландыру. Таңдаған пәннің базалық мазмұнына көңіл бөлу. Көбіне зерттеуге берілетін тақырыптар, минизерттеулер, практикалық тұрғыдағы жұмыстар, анықталған проблеманы шешу, қарапайым сынақ жүргізу, материалды жүйелеу, сәйкестік диаграммасын құру, болжамды анықтау – бастауыш сыныптағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі жолы. Оқушымен жұмыс ортақ міндет. Әрбір дарынды оқушы өзінің ізденістерін, жүргізілетін зерттеу жұмыстарын белгілі жоспармен, өзіндік ізденіспен өзгерістер енгізе отырып орындайды. Заман ағымы, уақыт өлшемі, жаһандану үрдісі қарқын алды. Білім мен ғылым жаңа ғасыр табалдырығын әлем таныған тәуелсіздікпен келді. Үшінші мыңжылдықта дарынды оқушылар жаңа технологияны меңгермейінше қарыштап алға басу мүмкін емес, инновациялық белсенділік, жаңаны білсем, үйренсем деген құлшыныс оқушыға ауадай қажет. Сол себептен де білім арудың жаңа парадигмасын меңгерген оқушы уақыт талабына сай өз дайындығын қалыптастырады. Әлемдік бәсекеге қабілетті, жаңа біліммен қоғамды дамытуға өз үлесін қосу барысында ғылымға инновациялық реформалы өзгерістер мен коммуникациялық ақпараттық, технологиямен жол ашты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлееттік бағдарламасы. Астана 2010.
2. Ш.Т. Таубаева. Исследовательская культура педагога. Алматы 2009
3. Ү.Б. Жексенбаева. Мен зерттеуге үйренемін. Астана, 2006
4. А.Ж. Мырзалинова, Б.Т. Ақышева, С.Қ. Долдина «Педагогика мәселелері» журналы, №1, 2013 ж, 10-13 бет
5. Г.С. Хусаинова. Учебный проект, как средство развития творческих способностей и социальной активности младших школьников. Уральск, 2009, 12-13 бет
6. К.И. Исламова, А.Ш. Абдикаева, Р.Ж. Боранбаева «Бастауыш мектеп» журналы, №9, 2011 ж, 12 бет

* * * * *

Білім берудегі бала тәрбиесінің ерекшеліктері

Оңтүстік облысы Шымкент қаласы №28 жалпы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі
Абишева Маржан Абилдаевна

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы.

Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол — бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер

— жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындаулына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Өстіп баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тыңдырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді.

Ата — ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуіміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-өыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасақ. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шешеге үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді. Сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқты.

Негізінен жанұяның шырқы бұзылған, ата-анасы маскүнемдікке салынған немесе жарамдық жағынан азғынданған ортада бала, жасөспірім қашанғы жиренішті көріністі, ондағы айқай-шу мен дау-жанжалға, ұрыс-керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмір аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз?!

Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырған аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.

* * * * *

БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚОСҚАН БЕЛСЕНДІ ҮЛЕСІ



**ОҚО, Сайрам ауданы
№ 28 «Ақбай» жалпы орта
мектебінің директоры
Умирәлиева Баян Кожабәевна**

**Мамандығы: Қазақ тілі мен
әдебиет пәнінің маманы.
Еңбек өтілі: 25жыл
Бітірген оқу орны: ШПИ 1987ж
Санаты: жоғары**

«Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрпын орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті...» Н.Ә.Назарбаев

Сол армандар ақиқатқа айналып, Мәңгілік елдің іргетасы қаланды. Тәуелсіз еліміздің, тамыры тереңге кеткен қасиетті Отанымыздың ХХІ ғасырдағы рухани даму жолын жан- жақты терең талдап көрсеткен көреген елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық маңызы бар мақаласы аясында республика көлеміндегі білім ошақтарында қыруар іс- шаралар өткізілуде.

Елбасының бастамасын қолдап, білім саласының дамуына өз үлесін қосып жүрген тарихы мен тағлымы қатар дамыған алтын бесік атанған Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Сайрам ауданындағы № 28 «Ақбай» жалпы орта мектеп ұжымының еңбегін ерекше мақтанышпен ауыз толтырып айтуға болады. Білім ошағының негізі 1974 жылы қаланып, «Чапаев» атындағы мектеп болып қалыптасқан, бергін келе, 2002жылы «Ақбай» жалпы орта мектебі болып жұмысын жалғастыруда. Жарты ғасырға жуық тарихы бар, педагог кадрлардың білім деңгейі заманауи әдіс- тәсілдермен толықтырылған, шығармашылық ізденіспен еңбек етіп жүрген тәжірибелі ұстаздар шоғыры жинақталған.

Жоғары санатты, жаңашыл оқу әдістерін меңгерген, аз уақыт ішінде ұжым мақтанышына айналған Умирәлиева Баян Кожабәевна 2017 жылдың маусым айынан бастап мектепті басқарып келеді. Өзі басшылық жасаған аз уақыт ішінде атқарылған істер ауқымды. Солардың біразына тоқталар болсам: жұмысты мектептің ішкі құжаттарын талапқа сай жасалуын ретке келтіруден бастап, мектептің ішкі жабдықтарының қамтамасыз етілуін жіті бақылап, кемшіліктерін толықтыру мақсатында аудан әкімдігіне хатпен шығып шапқылап жүріп, мектепке қажет деп танылған компьютерлік жабдықтармен (5 проекторлар, 5 интер белсенді тақталар, 17 орындықтар, жұмсақ жиһаз) қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, мектептің жылыту қазандығына күрделі жөндеу жұмысын жүргізіп, талапқа сай жылу жүйесі іске қосылуын қамтамасыз етті. Мектеп ауласының абаттандыру жұмысына да өз үлесін қоса білді. Атаулы күндерде (қарттар күні, ұстаздар мерекесі, 8-наурыз) ауыл ақсақалдары мен зейнеткер ұстаздар қауымына дастарқан жайылып ыстық тілектер мен оқушылардың өнерлерін тамашалап, үлкендердің ықыласына бөленуден жалыққан емес.

«Өзінде бар білімді бөліспесең, ол білімнің пайдасы не?» деп, дана халқымыз айтқандай, Баян Кожабәевна өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, шығармашыл, ұжым мүшелерінің, ата-аналардың алдында абыройлы, ізденімпаз, талапшыл маман. Ұжымды ынтымақтастыра білетін, бір үйдің баласындай жұмысқа жұмылдыратын, өзіндік тәртіп талабымен ерекшеленетін жан. Педагогтердің жағдайымен санасатын, қиналғанға көмек қолын созуға әрқашан дайын тұратын, оларға демеуші, ақылшы болатын жақсы қасиеттері бар басшы.

Оқу жылы басталысымен «Тілдер мерекесі» белсенді орыс тілі, қазақ тілі, ағылшын тілі пән бірлестіктерінде жарыса тойланып жатты. Сайыс сабақтар мен ашық сабақтар, түрлі жарыстар ұйымдастырылып тіл мәртебесінің дамуына ұжым мүшелері белсене атсалысып жатты. Іс-шара соңынан қазақ тілі мен әдебиет пән бірлестігінің апталығы басталып, барлық маман жаңартылған білім мазмұнына сай ашық сабақтар, шығарма жазу сайысы, сайыс сабақтар мен дөңгелек үстелдерді жоғары деңгейде өтіліп жатты. Мектеп мұғалімдерінің қатысуымен өткен «Қазақ жазуы мен латын әліпбиіне көшу мәселесі» тақырыбындағы дөңгелек үстелге көпшілік өз ойларын ашық білдіріп, бағдарлама қолдау тапты.

Тарихта өзіндік орны бар желтоқсан айында алтын- ұя мектебімізде толаассыз іс- шаралар өткізілді. Мамандарымыз, оқушыларымыз түрлі аудандық, республикалық, халықаралық деңгейдегі жарыстар мен конкурстарға қатысып жүлделі орындарды иемденіп жатты.

Қараша айында «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында 1-2-5-7- сыныптарда критериалды бағалаудың ұжымдағы іс-тәжірбиесі.» тақырыбында деңгей бойынша сертификатталған мұғалімдердің атсалысуымен аудандық оқу-семинардың ұйымдастырып, өте жоғарғы деңгейде өтуіне ықпал етті.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге ала отырып сабақтан тыс үздіксіз дөңгелек үстелдер мен әдеби кештер, «Абай даналығы» клубы құрылып, клуб мүшелерін жинақтап тынымсыз жұмыстар жасалуда. Бұдан бөлек математика, орыс тілі, ағылшын тілі, бастауыш сынып пән бірлестіктері апталықтарын салтанатты түрде, бір-бірінен аса тартымды, қызықты етіп өткізуде.

Мектеп кітапханашысы Расулметова Масуданың тарапынан ұйымдастырылған «Лидер Reader ON» кешенді іс-шараның соңы сайысқа ұласып оқушылардың кітап оқуға деген құштарлықтары басым екенін байқатып жатты.

Мектеп директоры Умирәлиева Баян Кожабәевна басшылық ететін ұжымына және мұғалімдеріне шығармашылық ізденіс, толағай табыс тілеп, заманауи талаптарға сай және бойындағы қажыр қайраты, білімі мен біліктілігі, өмір тәжірбиесі мол ұстаздардың ойы ұшқыр, бәсекеге бейім, тәуелсіздік туын биік көтеретін ұрпақ тәрбиелейтініне сенім артып жұмысын жалғастыруда.

*ОҚО, Сайрам ауданы №28 «Ақбай» жалпы орта
мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пән бірлестік
жетекшісі, жоғарғы санатты мұғалім
Тойболова Жанат Куралбековна*

* * * * *

БІЛІМНІҢ БИІК ШЫҢЫН БАҒЫНДЫРҒАН ҰСТАЗ



ОҚО, Сайрам ауданы №28 «Ақбай» жалпы орта мектебінің ағылшын пәнінің мұғалімі Таджиева Айдын

Ұлылық пен дархандықтан тамыр тартқан дана халқымыз «білімдінің мыңды жығатынын» ескертіп, «Оқу – білім азығы, білім- ырыс қазығы»

деген тағлымға толы өсиет қалдырған.

Елбасымыздың «бәрі де мектептен басталады»деп атап көрсетіп, ұрпақ тәрбиесіне ден қойып, білім саласына ерекше мән беріп отырғаны баршамызға белгілі. Көш қатарынан қалмай, талай шәкірттің бойына сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, ізгіліктің нұрын шашқан ұстаздардың бірі - Байсеитова Умиткуль Джумабековна. Кейіпкеріміз қазіргі таңда Шымкент қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығы филиалының I, II деңгейлік курстың, мектеп басшыларына жаңартылған білім беру мазмұны бойынша тренері болып қызмет атқаруда.

Умиткуль Джумабековна Шымкент қаласындағы №30 мектебінде білім алып, үздік бітіріп, жоғарғы оқу орнында ұстаздық білім алады. Еңбек жолын осы мектепте оқу ісінің меңгерушісі болып бастаған. Өзі еңбек еткен жылдары, ұжымдағы мамандардың 60 пайызынан жоғарысы деңгейлік курс бойынша білім алып, жұмыс жасады. Жаңалықтың жаршысы болған Умиткуль Джумабековна еңбегі жеміс беріп жеңісі көп болды. Осы белсенділігінің арқасында 2013жылдан Шымкент қаласындағы ПШО орталығына I, II деңгей сертификатталушы оқытушы тренері, бертін келе бастауыш сынып мұғалімдерін жаңартылған білім беру мазмұны бойынша тренері болып жұмыс жасауда.

Өзінің ізденімпаздығымен, біліктілігімен, білімділігімен, еңбексүйгіштігімен, талапшылығымен ерекшелене білген Умиткуль Джумабековна, қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан- жақты білімді өмір сүруге бейім, өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болса, маманымыз өз тарапынан межелі мақсатты орындауда алдыңғы орындардан табылып жүр. Бұл кісінің бойындағы ерекше қасиетіне тоқтала кетер болсам, ПШО орталығындағы курс барысында тыңдаушыларына үйретіп қана қоймай, әрқайсысына жеке-жеке хабарласып түсінбеген тстарын үйретуден еш шаршамайды. Тыңдаушылары тарапынан семинар, дөңгелек үстел өткізіліп мектептерге шақырылса, қалайда уақыт тауып барып қатысып өз білгендерін үйретуден жалықпайтын жан. Олай дейтінім, жақында семинарға қатысты, қатысқан сабақ орыс тілі пәнінен болатын, маман жаңартылған білім беру курсы оқымаған бірақта іздемпаздығының арқасында сабақ құрылымы тамаша жоспарланып өтуде, бірақ жоспар жазу барысында кемшіл тұстарын тауып, семинар соңынан сол маманмен жеке кездесіп жоспардағы олқылықтың бүге- шігесіне дейін үйретіп кетті. Бұл кісінің қарапайымдылығына мектеп ұжымы көз жеткізіп тәнті болды. Бағындырған биіктері көп болсада адамгершілік қасиетін бірінші орынға қойғаны көпшіліктің көңілінен шыққаны сөзсіз. Умиткуль Джумабековнаның игі еңбектері еленіп, облыстық, республикалық, халықаралық марапаттауға ие болғандығы,

үлкен еңбектерімен, төгілген термен келген жеңісінің жемісі деп білем.

Ұстаз қауымына жаңашыр тұлғамыз, үйде аяулы ана. Мейірім мен талапшыл тәрбиенің нәрімен сусындатып өсірген ұлы қазіргі таңда еліміздің дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген таптырмас тұлға. Анасының білімділігі мен талапшылдығын бойына сіңірген тамаша маман.

Болашақтың жарқын болуын қамтамасыз ететін әрбір ұстаз, дәл осындай жауапкершілігі жоғары, талапшыл, білімі мен біліктілігі ұштасқан болса, құба- құп болары сөзсіз.

*ОҚО, Сайрам ауданы №28 «Ақбай» жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пән бірлестік жетекшісі, жоғарғы санатты мұғалім
Тойболова Жанат Куралбековна*

БІЗГЕ ҚАНАТ БІТІРГЕН – ТАРИХТЫҢ БІР ТОЛҚЫНЫ

**Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті «Тарих» мамандығының 3 курс студенттері Омар Махаббат, Тұрапбаев Лашын
Ғылыми жетекшілер: Абдрахманова Сауле**

Ахметжанқызы, Төлепберенов Ғалымтай Мәлікұлы

Біздің кешегі өткен күніміз бен бүгүніміз ол – тарих. Ал қазіргі таңда сол тарихта жас буынға ерекше сәттер силай білетін кезең – студенттік шақ десек еш қателеспеспіз. Аллаға шүкір, мектепті бітіріп біз де студент атандық.

Алайда біз жай студенттер емеспіз. Біз «Серпін» студенттеріміз. «Серпін - 2050» – жастарға жол ашушы, бағыт – бағдар сілтеуші игі бағдарлама. Өйткені, бұл жоба жастардың сапалы білім алып, тұрақты жұмыс табуына зор мүмкіндік береді.

Міне осындай бір толқыныспен 2015 жылы біз астаналық облыстың орталығы Көкшетау қаласындағы еліміздегі белді оқу ордасы саналатын Ш. Уәлиханов атындағы мемлекеттік университетіне оқуға түстік.

Біз Оңтүстік Қазақстан жерінің тумаларымыз. Оңтүстік – біз үшін шабытымызды шыңдап, қиялымызға қанат бітірген ұлы өлке. Шыр етіп дүниеге келген сәтімізден бастап балалық шағымыздың бақытты сәттеріне куә жер. Барша түлектер секілді бізде еліміздің үмітін ақтап, білім алып, Отанымызға қызмет ету мақсатында тарихы тұнған сұлулығымен әлемді мойындатқан, сексен көлдің саясында орналасқан, киелі топырақ – Көкше жеріне аяқ бастық. Алғашқыда туған, кіндік қанымыз тамған жерден жаңа ортаға бейімделу үлкен қорқыныш тудырды. Дегенмен жылы жүзді, жандары жайдарлы Көкше халқы бізді өздеріне баурап алды. Көкше десе, ең алдымен кез – келген түбі түркі қазақтың ойына осы жерді мекен еткен, үш жүздің басын қосқан – хан Абылай, ізін жалғай осы әсем өңірдің әр бір тау тасына ғашық болып әні мен жырына қоса білген сал – серілер Ақан мен Біржан, Үкілі Ыбырай мен Балуан Шолақ, Сәкендер есіне түсері хақ. Сонымен қатар сегіз қырлы батырымыз М. Ғабдуллин, қазақ ғылымының атасы – Ш. Уәлиханов, мемлекет қайраткерлері Е. Әуелбеков, Ж. Ташенов сынды есімі елге елеулі азаматтардың да сексен көлдің суына шомылып өскені баршаға белгілі. Біз осы алаштың дара тұлғаларынан үлгі аламыз. Тарихы тұнған өлкенің тарихы мұнымен шектелмек емес. Оның қазақ дербес ел болғандағы жаңа тарихын жасаушылар біздерміз деп білеміз.

Ш. Уәлиханов атындағы КМУ – тарихқа тұнған өлкенің рухани байлығы, жүрегі іспеттес. Себебі университет 50 жылдан астам уақыт бойында сан мыңдаған студенттерді оқытып, өнегелі білім мен тәрбие беріп, бүгінгі таңда ел үшін қызмет жасап жүрген талай аға буынның қанатын кеңге жайдырған. Бүгінгі таңда университетте 23 кафедра, 400 – ден астам оқытушы студенттерге білім беруде. Оның ішінде 21 – ғылым докторы, 16 – профессор, 86 – ғылым кандидаты, 42 – доцент, 193 – магистр, 7 – Phd докторы бар. Бұл оқу орнының білім беру сапасының жоғары екендігін көрсетеді. Университет жастарға тек білім берумен шектелмейді. Бізде біліммен қатар жүретін тәрбие ісінде ерекше мәнге ие. Жастарды рухани тәлім – тәрбиемен қамтамасыз ету үшін түрлі бағытта студенттік ұйымдар жұмыс жүргізеді. Мысалы: «Серпін штабы», «Юность», «Думан» педагогикалық жасақтары, «Зияткер» ПК және де бүгінде жастар арасында ерекше қолдау тауып жүрген «Жас Отан» ЖҚ т.б жұмыс жасайды. Белсенді жастарды арнайы «Тұлпар» спорттық сауықтыру кешеніне тегін жіберіп отырады. Біз үшін бұл үлкен қолдау.

Біз тарих мамандығының 3 курс студенттеріміз. Университетіміздегі тарих мамандығының ширек ғасырлық тарихы бар. Оған жол салған, мамандығымызға деген сүйіспеншілігімізді арттыра білген әрине ұстаздар қауымы. Біздің мамандықты негізінен оқытатын екі кафедра олар: «Жалпы тарих және философия», «Отан тарихы» кафедралары. Осы екі кафедрада 2 – ғылым докторы, 7 – ғылым кандидаты және басқа да білікті аға оқытушылар мен магистрлер сабақ жүргізеді. Біздің мамандықта ұзақ жылдар бойы қызмет жасап келе жатқан ұлағатты ұстаздармыз тарих ғылымдарының докторы, профессор Қадіржан Қабиденұлы Әбуевті, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Алмагүл Бүркітбайқызы Күшпаеваны, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ақбота Тастанбекқызы Бексейтованы, білім беру ісінің үздігі, ардагер ұстаз Күлша Ғабдоллақызы Жапарованы, аға оқытушылар Ғалымтай Мәлікұлы Төлепбергеновті, Сәуле Ахметжанқызы Абдрахманованы, Рашид Әшкенұлы Идрисовты мақтан тұтамыз. Осы 3 жыл ішінде біз оқып жатқан «Тарих» мамандығы азаматтық тұлға мен тарихи сананы қалыптастыратын, қоғамдық маңызы өте жоғары іргелі мамандықтар қатарына жататынын толық түсініп үлгердік. Әр бірінің орны біз үшін бір төбе. Бірі сабағымызға жәрдем берсе, бірі қоғамдық шараларда, енді бірі жеке мәселелеріміз туындап жатса қол ұшын созады.

Біздің заманымыз – білім мен өскелең ғылым ғасыры, жаңашылдар дәуірі. Қазіргі таңда жастарға осы заманғы білім беру мақсатында мемлекет тарапынан барынша жағдайлар жасалуда. Сондықтан осында оқып жатқан біздердің басты мақсатымыз ел үмітін ақтап, өз саламыздың үздік мамандары болып шығу. ХХІ ғасырда тек аса білімді интеллектуалды ұрпақ қана ата бабаларымыз алып берген кең байтақ даламызды игеріп, сақтап, тәуелсіз Ел ретінде нығайтып, келесі ұрпаққа тапсыра алады деп білеміз.

МҰҚАҒАЛИ ӨЛЕНДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

Утебаева Г.Қ.

Қарағанды қаласы, № 81 жалпы білім беретін орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

М.Мақатаев сынды қазақтың асқақ ақынында ажарлау аз, құбылту көп. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлігі үшін де орасан қажет тәсіл – құбылту, яки троп (грекше tropos – иін, иірім) – сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті өңін айналдырып айту. Бұл ретте әдеби тілді ажарлау оны құбылтудың алғашқы кезеңі – ең қарапайым түрі деуге болар еді [1,222].

Суреткер қолындағы сөз суретші қолындағы бояу секілді, иінін тауып мың құбылтуға болады. Құбылған сөз әсерлілік үстіне адам баласының танымын байытпақ; бір сөз бір – ақ нәрсені танытса, оны түрлендіре құбылту арқылы тіршіліктің сан алуан сырын тануға болады. Демек, троптың ең басты мәні таным тарапында жатыр [1,223].

Өмірде мақсатсыз ешбір әрекет жоқ. Мұны білген жағдайда ажарлау секілді құбылту да суреткердің идеялық мақсатына, эстетикалық мұратына қызмет ететін тәсіл екенін тәпшіштеп жату артық. Мұны айтып отырған себебіміз, кейбір әдебиет теориясын толғайтын кітаптарда эпитет пен теңеу, метафора мен метонимия әр жазушының таптық көзқарасына лайық, таптық идеясына сәйкес пайдаланылатыны ұзақ – ұзақ әңгіме етіледі.

Синеқдоха (гректің *synekdoche* – бірге жобалап, нобайлап, шамалап түсіну) – бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, үлкеннің орнына кішіні немесе, керісінше, жалқының орнына жалпыны, бөлшектің орнына бүтінді қолдану негізінде сөз мағынасын алмастыру амалы [1,230].

О.С. Ахманованың түсіндіруінше, «Синеқдоха – троп, состоящий в замене названия целого названием какой - либо его части, в названии частного вместе названия общего и наоборот» [2,35]. Тіл біліміндегі көп дауысты бұл пікірді қазақ ғалымдары да мойындайды. Мысалы көрнекті ғалым Ә. Хасенов «Тіл білімі» атты еңбегінде: «Синеқдоха – метафораның ең көп тараған түрінің бірі [3,128]» деп атап көрсетіп, жоғарыда айтылған ойымызды дәлелдей түседі.

Алмастырудың бір түрі болып табылатын синеқдоха тәсілінің де метафорамен тығыз байланысқа құралатыны осы пікірлерден анық аңғарылады. Яғни сөз мағынасын алмастырып айту амалы ретінде синеқдоханың да табиғаты метафорамен байланыста жатыр деуге болады.

Синеқдоха да, метонимия тәрізді ауызекі тіл ыңғайына бейім құбылыс. Сонысына қарай әрі ойды әсерлі жеткізу қызметімен Мұқағали Мақатаев лирикасында бұл да жиі көрініп тұрады.

Ғалымдарымыздың көпшілігі синеқдоханы метонимияның бір түрі деп қарастырады. Осы пікірге қосылуға болады. Бірақ аздаған айырмашылық бар екенін ескеруіміз қажет. Синеқдоха да алмастырып айту ап – айқын көрініп тұрса, ал метонимияда көмескіленіп, тез байқалмай тұратындығында болса керек.

Мысалы, М. Мақатаев мезгеу сөздерді қолданғанда айтар ойына, ішкі сезіміне бағындырып, үйлестіріп, үйлесімді жағдайда пайдаланған.

«Қайран жеңгем» өлеңінде:

Жан едің ғой жанының талғамы бар,

Қара мұртқа қалайша байлағансың [4, 91].

Қаламгердің «Сүйген ерін» өлеңінде:

Сүйгісі келе берер **сүйген ерін**,

Сүйкімді, сүйікті бір түрге енемін [4,78].

Ақынның бұл сөздерді синекдохалық мағынада ауының себебі бар. Өйткені **жай адам** немесе **жігіт** дей салса, сондай әсерлі болмас та еді. Ал **қара мұрт** дегенде менсінбеушілік, жақтырмаушылық астарында сарказм жатыр.

Ақынның өзіндік қолтаңбасын танытатын авторлық, синекдохалық қолданыстар да ішінара кездесіп қалып отырады. «Тағдырмен бетпе – бет» өлеңінде:

Жас жігіт – жазғы бидайдың,

Сіп – сирек мұрты көкпеңбек.

Сыйлайды самал еппен кеп [4,128].

«Дәрігеріме» атты өлеңінде:

Кетсем егер, пленканың үзілген бір әнімен,

Қалсам егер, **қара жердің жалғыз түйір дәнімін** [4,128].

Жазғы бидайды жас жігітке балай отырып, оның **сабақтары** демей, **мұрты** деп, бүтіндей алмай, оның бір ғана бөлшегін көрсетеді. Тамаша кейіптеу арқылы синекдохалық қолданысты дәл береді. **«Қара жердің жалғыз түйір дәнімін»** - адаммын деп айқайламай ақын өзін туған жердің бір түйір дәнімен мезгеп көрсетеді. Бұнда да бүтіннің орнына бөлшекті береді.

Өлеңдеріндегі синекдохалардың көбі жалпы әдеби тілімізде бар, жалпыға түсінікті мағыналардың берілуі арқылы келтіріледі. Бірақ қарапайым түсінікті сөздер ақын лирикасында жарқырап көрінген, яғни сөздің мәтін ішінде түзілуі, астарлы мағынасы поэзияда соны бейнелер жасаудағы қызметі ерекше көрінеді. Суреткердің қай қайсысы болмасын синекдоханы жұмсағанда ықшымдылыққа, нақтылыққа, дәлдікке жүгінеді. Мұқағали Мақатаев осыны ескерген ақын. Былай қарағанда синекдоха (мегзеу) жәй бір, онша бейнелі қолданым сияқты емес, ал бірақ лирикада ол өлеңге ерекше стильдік бояу береді. Сондықтан да, ақын өзінің лирикасында бұрыннан барларын өзгертіп, өң беріп, түрлендіріп жұмсауда синекдохалық қолданыстың кеңдігін, жан-жақтылығын, бейнелілігін, әсерлілігін, сезім дүниесіне қажеттігін танытты.

Метафора – тіл табиғаты, сөз мағынасы – күрделі құбылыс. Тілде сөз метафоралармен түрленіп өңделеді, ажарланып, бейнелі құралға айналып отырады. Бұл ұғымды жалпы филологияда түрлі сөздіктерде метафораға берілген анықтамалар, теориялық пікірлер дәлелдей түседі. Маселен, «Тіл білімі сөздігінде»: **«метафора – (грек metaphora – ауыстыру) троптың бір түрі, ұқсастық, сәйкестік және т.б. негізінде сөздер мен сөз оралымдарының ауыспалы мағынада қолданылуы»** [5,220] десе, «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» мынадай түсініктеме беріледі: «Метафора, ауыстыру (грек сөзі – ауыстырып қою)», екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып – жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін сөз немесе сөз тіркесі [6,227].

Метафора – прозада ғана емес, поэзияда да әсерлілік пен бейнелілікке негізделген өте көркем тәсіл. Сөздер метафораланғанда негізгі ой өзге бір баламасымен жұптасып, мазмұн қуатын құбылты жеткізеді [6,228]. Сөз зергерлерінің тіліндегі көріктеу құралдарының бірі – метафораның қолданылу аясы өте кең. Көп жағдайда

суреткердің индивидуалдық стилін танытатын бейнелі сөз қолданысы. Сондықтан да метафораның көрінуі объектісі көркем шығарма, ақынның өзіндік қолтаңбасының көрінуі болып табылады. Енді Мұқағали Мақатаев қолданған метафораларға көңіл аударар болсақ, оның мәтіндегі көріну мүмкіндігі өте кең. Метафора ақын тілінде идеялық – эстетикалық, бейнелілік және стильдік, көркемдік жағынан келгенде үстеме мағыналар арқылы ой айқындығын, мазмұн тереңдігін қамтамасыз ету мақсатына бағындырып қолданған. Осыдан ақын лирикасындағы сөздің шексіздігі танылып, сөз құдіреті өмір құбылыстарының бәрін де бейнелеп, суреттеп, астарлап айтып бере алатындығы айқындалады. «Тағдыр дейтін баяғы жалаң аяқ мыстаның», «Ұры – өмірді уақыт – жел күзетіп», «Әжім деген әйгілі тамшы уақыт», «Ұялап, барады өтіп бұлақ – бала», «Санасын мазалайды күшік – арман», «Айналайын құлын – жыр», «Қалғыдың қалпыңша қарт - өмір», «Қыз – тіршілік, міне, тағы мойныңа асылды», «Қайғы дейтін қаншықты қан жаптырам», «Ұзатылған көктем – қыз», «Дарига – жүрек шөлдеді», «Торғай - өлең шырылдап бара жатыр», «Адамзат мұң – зары – көк теңіз», «Өмір – ауыр – азап күн», «Еменде жапырақ – жүректер», «Дүние – қоңыз, енші бер», «Қыз – қайыңдар үсітінті өкшесін», «Өмір өзі – бір құйын», «Көңілім – жердің шары ғой», «Қайығым – менің уайымым», «Өмір деген – бір жарқ еткен найзағай, өмір деген – көк аспанның күркірі», «Армысың, сен арамызда жалғыз перзент – Тыныштық», «Алып жер – адамның бесігі, «Ақиқаттың алмасы суынған ба» тәрізді балама жолдардағы мағыналық та, логикалық та, түр – тұлғалық та ұқсастықтар ақын тілінде метафораның бай қазынасы барлығын дәлелдейді.

Жоғарыда келтірілген өлең жолдары ақынның өмір көріністерін, сан – қилы құбылыстарды табиғаттың тылсым күштерімен қатар ала отырып, нәрлі де әрлі сөз өрудегі шеберлігін танытады. Ақын метафораларды дәл тауып жұмсап, өлеңнің экспрессиясын күшейтеді. Мұндағы метафора – бейнелер заттық ұғымда жұмсалған ақынның өз қолтаңбасы, нақтылап айтсақ, контексте ғана мағынасы ашылатын, терең ойлы **окказионал (бірқолданар) метафоралар**. Қаламгердің лирикалық шығармаларының біразы осындай метафоралардан тұрады. Ақын мағына жағынан үйлеспейтін сөздерді де үйлестіріп, тосын бейнелер жасайды. Жазушының «Сенім туралы жыр» өлеңінде:

Сенемін, сенемін деп дамылдасың,

Сенімнің ақ көрпесін жамылғансың... [7,193]

«Мен бүгін көп қиналдым» атты өлеңінде:

Елегізіп, еске түсіп қай – қайдағы,

Көңілдің іріп кетті бал – қаймағы [4,145].

«Шалқы, менің шұғылам» өлеңінде:

Желпіп жібер шаттықтың шәйісімен,

Бүкіл мына ғаламның мұңын бер де [4,13].

Жоғарыда келтірілген метафоралар ақынның өзі жасаған тосын сөйлемшелер екені тайға таңба басқандай айқын көрініп тұр. Суреткер ақын әр ойды, әр сөзді бейнемен мүсіндейді. «Өзгені де, өзінді де қайталамау – поэзияның бір заңы» [8,464] дейді Қадыр Мырзалиев. Ал, бұған Мұқағали Мақатаев лирикасы лайықты дәлел. Бұл метафораларда әрбір сөзді ақын түйсінумен сабақтастырып, күрделі дүниелер жасайды.

Жоғарыда берілген өлеңнің **«Көңілдің іріп кетті бал – қаймағы»** деген ұлғайған метафораның әсері, бояуы өте күшті. Мүлдем ақылға келмейтін логикалық сәйкессіздікті

ақын ғажап берген. Әдетте сүт іруі мүмкін, ал көңіл іруі мүмкін бе? Және көңілдің бал – қаймағы болушы ма еді? Міне, байқасақ, тың қолданыстарды жасаудағы ұтқырлығы осында жатыр. Былай қарағанда бұл метафоралы сөйлемде түсінбейтін ештеме жоқ сияқты көрінгенімен, оның астарында бейнелі ой жатыр. **Көңілім қалды, көңілім жабырқады, көңілім күйзелді, көңілім алаң болды** деген фразаларды қолданса, ақын ойының оқырманына ассоциация туғызуы сондай әсерлі болмаған еді. **«Желпіп жібер шаттықтың шайісімен»** - бұл да жаңа мағыналы, бейнелі метафоралы тіркес. Алғашқы метафора – **тарығу, зерігу, қиналуды** білдірсе, бұл қолданыс керісінше қуанышты, көңілдің тазалығын білдіріп тұр [9,35].

Демек, метафораны тек бейне жасайтын құрал ретінде ғана емес, көркем поэзияның діңгегі іспетті құрал деп және сөзді құбылудың тәсілі ретінде қарастырдық.

«Оңай емес орнату ойдан мүсін» деп ақын өзі айтқандай, сөзден сурет салу қиынның – қиыны. Мұқағали Мақатаев таланты оның шебер суретшілігін танытты. Поэтикалық тілдің әсемдігі кең қарымда жұмсалған метафора бейнелерде жатыр. Ақын бейнені тереңдетіп ашу үшін бір ғана сөздің құдіретін пайдаланады [9,35]. Қаламгерде осындай бейнелі сөздер өміршең. Осыдан келіп шығатын қорытынды – бейнелі метафоралы сөз поэзиясының көріктеу құралы ғана емес, адамзаттың сезімін сәулелендіретін саналы сөз.

Мұқағали Мақатаев лирикалық шығармаларында метафора қандай көп болса, метонимия да өте кең түрде ұшырасады. Тілде бұрыннан бар метонимияны поэзия тілінде ойнатып, құбылтып берумен қатар ақын өзіндік метонимиялар да жасайды. Авторлық метонимиялар өлең мәтінде ақын ойының ұшқырлығына, нақтылығына қызмет етеді. Осы жерде айтып кететін бір мәселе көркем әдебиетке тән **поэтикалық метонимия окказионалдық** (бір қолданар), **ал лингвистикалық метонимия узуалдық** (қалыптты) құбылыс болып келеді. Сонымен, «метонимияның өзін екіге бөледі екенбіз: бірі – көркем әдебиетке тән поэтикалық метонимия, екіншісі – тілдің лексикасында ежелден өмір сүріп келе жатқан лингвистикалық метонимия» [10,17].

Мұқағали Мақатаев өлеңдерінде тілімізде әбден орнығып қалыптасқан лингвистикалық метонимия өте көп ұшырасып отырады.

Қақым жоқ **жаман болуға,**

Мені **жақсыдан қалған көз дейді** [7,180].

«Әке» өлеңінде:

Бір **арыстан** өмірден өткенімен,

Өмір сүріп келеді **тірі арыстан** [7,173].

Сумұрындарын шақырған,

Әжелер даусы естілер [7,186].

Бұл сөйлемдегі метонимиялар – **жаман, жақсыдан қалған көз, арыстан** өзіндік мағынасы бар, лексикалық – грамматикалық мәні контексте, сөйлем ішінде анықталатын алмастырулар. Көпшілігі адам орнына алмастырылып жұмсалған. Адамның алуан түрлі іс - әрекетін, оның кім екендігін көрсететін, дәлдігімен ерекшеленіп тұрған метонимиялар. Өмірдегі сан алуан құбылыстар метонимияның пайда болуына себеп болады. Алғашқы шумақта адамның орнына оның қасиеті алынса, екінші жолда аң патшасы **арыстан** ештеңеден қорықпайтын, тайсалмайтын болса, сол батырлық адамның басында да бар дегенді суреттейді. **Сумұрындар** – балалар орнына жұмсалады.

Жоғарыда айтқанымыздай, лингвистикалық метонимияның табиғаты жалпыға түсінікті. Ал ақынды басқадан өзгешелеп тұратын, оның сөз қолдануындағы поэтикалық метонимияның салмағы мүлдем күшті көрініп тұрады. Поэтикалық метонимия өмірде нақты болатын және бола бермейтін құбылыстардың атауын бейнелі, астарлы мәні бар сөздермен алмастырады.

Әдебиеттер тізімі:

Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1976. – 526 б.

Ахманова О. Словарь лингвистических терминов. – Москва: Наука, 1966.

Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 2003. – 412 б.

Мақатаев М. Соғады жүрек. Екінші том. Алматы: Жазушы, 1982. – 329 б.

Сүлейменова Ә, Мадиева Г. Тіл білімі сөздігі. – Алматы, 1998. – 541 б.

Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1998. – 382 б.

Мақатаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы, 1993.

* * * * *

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы № 8 Қашаған Күржіманұлы атындағы орта мектеп Информатика пәні мұғалімі Сабиров Жасулан

Сабақ тақырыбы: Программа және оның құрылымы»

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға Pascal графикалық редакторы бойынша білімді меңгерту.

Дамытушылық: Оқушылардың ақпараттық – технологиялық ойлау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Оқушыларды ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Сабақтың типі: жаңа білімді меңгерту

Сабақтың түрі: дәстүрлі емес

Қолданылатын көрнекі құралдар: ДҚ, презентация, интернет желісі, тест, суретжұмбақ, электронды оқулық, CamStudio-да құрастырылған бейнеролик
Оқыту әдісі: іздендіру, проблемалық, практикалық, Б.Блум жүйесі

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру

II. Жаңа сабаққа дайындық, үй тапсырмасын сұрау

III. Жаңа материалды баяндау

IV. Практикалық жұмыстар орындау

V. Қорытындылау

VI. Үйге тапсырма беру

VII. Бағалау

Оқыту әдісі - іздендіру, проблемалық, практикалық

I. Ұйымдастыру

II. Жаңа сабаққа дайындық, үй тапсырмасын сұрау

Үй тапсырмасын бекіту және қайталау

III. Жаңа материалды баяндау

Жаңа сабақ тақырыбы: «Программалау тілі. Программа және оның құрылымы»

Pascal тілін 1968-1971 жылдары швейцар ғалым Никлаус Вирт ұсынған. Паскаль тілі өзінің қарапайымдылығының, тиімділігінің арқасында тез тарады.

Pascal тілінің алфавиті мынадай символдардан тұрады:

- Атаулар (идентификатор);

- Цифрлар;

- Айыру белгілері;

- Арнайы символдар;
Pascal программасының құрылымы:
Мысал: Екі бүтін санның қосындысын табу программасын құру.
Program esep1;
Var a,b,c : integer;
begin
Readln (b,c);
a:= b+c;
Writeln ('a=',a);
End.

Pascal программасында жұмыс жасау үшін:
1) Мой компьютер – Локальный диск C: - TP7 – Bin – turbo.exe ;
2) Ашылған көк терезеде программаны жазу;
3) Run – run немесе Alt+F4 командасын орындау;
4) Ашылған қаратерезеде мәндер енгізіп, Enter басы;
5) Debug – Output командасымен есептің шешуін қарау.
6) File-Save командасымен есепті сақтау.
7) File-Exit командасымен программадан шығу.

Маңызды түсініктер
Pascal тілін 1968-1971 жылдары швейцарғалым Никлаус Вирт ұсынған.

Pascal программасы құрылымы:
Program _____; тақырып жолы
Var _____ : _____; айнымалыларды сипаттау бөлімі
begin басы
Readln (_____); енгізу операторы
_____ есептеу жолы
Writeln (_____); шығару операторы
End. Соңы

Begin және End - операторлық жақшалар
IV. Практикалық жұмыстар орындау:
1) Тест жұмысы

1. Паскаль тілі алгоритмді жазудың қай түріне жатады? (программалау)
2. a:= b+c өрнегін қандай алгоритм түріне салып шығарады? (сызықтық)
3. Программалауда енгізу, шығаруды қалай жазады? (readln, writeln)
4. Программалауда есептің басын және соңын қалай жазады? (Begin, end)
- 3) Информатикалық диктант

Pascal тілін 1968-1971 жылдары швейцарғалым ұсынған.

Pascal программасы құрылымы:
..... esep; тақырып жолы
Var a,b,c : integer;
..... басы
Readln (b,c);
a:=b+c; есептеу жолы
Writeln ('a=',a);
..... соңы

..... - операторлық жақшалар
VI. Үйгетапсырма беру

Үйтапсырмасы: Оқулықтағы тақырыпты оқу.
Pascal тілінен басқа да программалау тілдерін тауып, олар туралы мәлімет жазып келу.

VII. Бағалау

* * * * *



Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы
«Жетібай ауылы № 3 орта мектебі»
КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі
Қаршығаева Нұргүл Базарғалиқызы

Әдебиеттік оқу 3 сынып
Сабақтың тақырыбы: Халыққа жеткіз күйімді. Әбу Сарсенбаев .

Сабақтың мақсаты:

- 1) Ә.Сәрсенбаевтың «Халыққа жеткіз күйімді» әңгімесінің мазмұнын ашу, күй атасы Құрманғазы және Дина туралы тереңірек түсінік бере отырып, өз бетінше білім алуға үйрету;
- 2) Мәтін желісінде түсінік бере отырып сөздік қорын молайту, әр оқушының қабілетін, ойын, тілін дамыту, түсініп оқу дағдысын қалыптастырып, есте сақтауға дағдыландыру;
- 3) Дарынды, білімді, өнерді сүйеге, оны құрметтеуге, берген атын орындауға және ұлттық өнерді насихаттауға тәрбиелеу;

Әдіс - тәсілдері: сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелесу.

Сабақтың өту әдісі: сұраққа жауап, ой қозғау, түртіп алу стратегиясы.

Технология: СТО

Пәнаралық байланыс: музыка, дүниетану.

Көрнекілігі: Әбу Сәрсенбаев сурет, Құрманғазы Сағырбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы слайд, Динаның өмірі туралы слайд, кесте, суреттері, ұнтаспа.

Сабақтың барысы: I .Қызығушылықты ояту.

Психологиялық дайындық

Сәлемдесу рәсімі

«Сәлем- сөз анасы» деген қане амандасып алайық.

2.Топқа бөліну

Сыныпты 3 топқа бөлу. Қазір қай мезгіл екенін сұрап, қыс айларына бөлу.

3. «Сен мұны білесің» Ыстық орындық әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау. Сұрақтар қойылады.

1. Сәкен Сейфуллин кім?
2. Оқиға қай мезгілді суреттеген?
3. Іңкәрбектің отбасы, тұрмыс жағдайы.
4. Неліктен Іңкәрбек Сәкенге мұңын шақты?
5. Омар неліктен секем алды?
6. Сәкен қандай бала болды?
7. Аналары қалай айналып, толғанушы еді?

4.Ой ашар .Күй тыңдау .Интербелсенді тақтаны пайдаланып, Ай мектеп сайтынан күй, күйшілер жөнінде бейнеролик көрсету

1. Біз қандай музыка жанры туралы таныстық?

2. Күй туралы не білеміз?

3. Қандай күйшілерді білесіңдер?

5.Жаңа сабақ .

- Бүгінгі сабақта біздер, қазақтың ұлы , данышпан күйшісі Құрманғазы мен Дина Нұрпейісова туралы өтпекпіз. Біз бүгінгі сабақта қарт Құрманғазының кішкентай қыз Динаның алғашқы кездесуі туралы білмекпіз. Ол әңгімені бізге Әбу Сарсенбаев жазған. Ал, Әбу Сарсенбаев кім? Мәтін авторы жөнінде түсінік беру.

Құрманғазы 1818 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жиделі деген жерде дүниеге келіп, 1889 жылы өмірден озды. Құрманғазы Сағырбайұлы-қазақтың ұлы композиторы. Кедей шаруа семьясында туған Құрманғазы жасынан

домбыраға әуес болды. Ол Ұзақ күйшіден тәлім алған. Есейген шағында атақты күйші ретінде есімі бүкіл қазақ даласына тарайды. Құрманғазының бүкіл өмірі әділетсіздікке қарсы күреспен өтеді. Оның 60-тан асқан күйлері бар. Олар: Адай, Балбарауын, Аман бол, шешем, аман бол, Наридірген т.б.

Құрманғазы мұрасын Динаға аманат етіп тапсырады. Дина Құрманғазының шәкірті. Дина кішкентай кезінен Құрманғазының күйлерін үйреніп, осы қазіргі кезге бізге жеткізген мұрагері. Дина күйші, сазгер. Оның: Бұлбұл, 8 наурыз, Әсем қоңыр және т.б. Құрманғазының күйлері барлық жерлерде орындалып, үлкен оркестрлерде орындалып жүр.

6. «Оқы да тоқы» Оқулықпен жұмыс
Іштей оқыту. Тізбектей оқу. Сөздік жұмыс

7. «Тапқыр болсаң, талас жоқ» Топтарға тапсырма

1 топ - «2 жалған, 1 шындық» Берілген сұрақтардың ішінен дұрыс жауапты таңдау

2 топ - «5 жолды өлең» құрастыру

3 топ - «Таза тақта» әдісі арқылы берілген сұрақтарға жауап беру

8. «Жүйрік болсаң, шауып көр»

Сөздерді орнына қою арқылы мақалды табу, мағынасын түсіндіру

«Ат тұяғын тай басар»

9. «Ашық микрофон» әдісі

Сұрақтар қою арқылы жаңа сабақты қорытындылау

10. Үш тілді қатар үйренейік Күй - кюй - tune

11. Кері байланыс «Бас бармақ» әдісі арқылы сабақты қорыту.

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, «Жетібай ауылы №3 орта мектебі» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі Самамбетова Қарлығаш Жұмажанқызы

Тақырыбы: Құрметтейік кітапты!

Мақсаты: Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқулықты қадірлеп күтіп ұстауға үйрету. Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру.

Барысы: 1. Ұйымдастыру. 2. Кіріспе

-Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі 2-сыныбыңда өткелі отырған "Құрметтейік кітапты" ашық сабағымызға хош келдіңіздер!

Бүгінгі әңгімеміз Кітап жайлы болмақ. "Кітап" деген сөздің өзі қайдан шыққан, қандай мағына береді?" Кітап-араб сөзі, жазба", ал түрікше "дәптер" мерзімді баспа сөз басылымы" деген сөз екен.

Кітап-білім және тәрбие беретін құрал.

Кітапта алма ағашы

Жемісін берер теретін,

Тәтті алмаға балашы.

Кітабыңның әр бетін –деп Мұзафар ағамыз жырлағандай, әдеби кітаптар және оқулықтар сендерге білім көзі, сарқылмас рухани қазына.

Жанболат:

Адамның досы кітап, өмір кілті,

Тең келмес оған жиған мүлік

Ақылшы жанға серік, жол бастаушы,

Ақыл-ой, қазынасы, өмір көркі.

Сымбат: -Кітап адам өміріндегі аса маңызды рөл атқарады.

Ол елді, жерді сүюге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман

әдеттерден аулақ болуға үндейді. Кітапты әрбір адам күнделікті тұрмыста пайдаланады. Одан ақыл-кеңес, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады. Кітап-біздің рухани жан азығымыз.

Мирас: Саған білім жемісін,

Оқулығың береді.

Талай адам сол үшін

Маңдай терін төгеді.

Нұргүл: Заводтарда күн-түні

Қағаз жасап бағалы

Қанша адам кім үшін

Маңдай тері тамады.

Берекет: Әдемілеп берсем деп,

Бояу жағып не түрлі.

Суретшілер көркемдеп,

Қанша уақыт отырды.

Албина: Оқулықты мектебің,

Берер саған теп-тегін.

Білмейсің-ау сен бірақ,

Қаншама еңбек кеткенін.

Арай: Оқулығың құралың,

Жағар білім шырағын

Баса алмайсың ешқашан,

Онсыз алға бір қадам.

Бексұлтан: Оқулықты құрметте,

Күтіп ұста кірлетпе

Кішілерге табыс ет,

Дақ түсірмей бір бетке.

3. Келесі кезекте: Көрініс "Кітаптар мұңы"

4. Кітап туралы ұлы тұлғалардың айтқан өсиеттері мен нақыл сөздеріне кезек берейік.

5. Кітап туралы мақал-мәтелдер

Рауан: Кітап-оқығандікі, Білім-оқығандікі.

- Балалар бүгін ортамызда бірнеше жылдан бері кітапханамызда кітапханашы қызметін атқарып келе жатқан Тамара апай мен Алтынгүл апайларымыз бар. Екі апайымызға дайындалып келген сұрақтарымызды берейік.

Қорытындылау.

ЮКО. город Туркестан
Общая средняя школа имени Х.А.Яссави
Учительница: П.Касимова

Тема: Определение

Цели урока: создать условия для формирования языковой компетенции через освоение знаний по теме «Определение», развитие умений находить определения в тексте, правильно задавать к ним вопросы, использовать определения в своей речи, что будет способствовать воспитанию сознательного отношения к языку, любви к Родине.

Средства обучения: Интерактивная доска, презентация, наглядный материал в виде ромашки.

Тип урока: урок усвоения нового материала

Ход урока

4. Организационный момент.

Целевая установка. Психологический настрой на урок.

Внимание! Внимание!

Ждет вас новое испытание.

Ох, и трудное предстоит вам задание!

Пассивных сейчас быть не должно-

Помните: «Один за всех, и все за одного!»

Класс разделен на три команды

- 1-команда «Определение»
 2-команда «Обстоятельство»
 3-команда «Дополнение»

5. Этап проверки домашнего задания.

• Начнем работу с того, что погадаем на ромашке. Знаете, как гадают? Тот, кто гадает, отрывает лепесток и говорит: «Любит, не любит». Мы же с вами сейчас узнаем, кто знает, а кто не знает. Желаящие выходят к доске, отрывают лепесток и отвечают на вопросы. (Вопросы записаны обратной стороне ромашки).

1. Что такое основа?
2. Что такое чередование?
3. Что такое окончание?
4. Что изучает фонетика?
5. Что изучает морфология?
6. Что изучает лексика?
7. Что такое склонение?
8. Что такое спряжение?
9. Сколько падежей в русском языке?
10. На какие виды делятся члены предложения?
11. Что такое подлежащее?
12. Что такое сказуемое?

• Синтаксический разбор предложения. Упр. №440

6. Объявления темы урока

Итак, тема нашего урока, так и будет звучат «Определение».

Объяснение нового материала

Определение.

Задание 1. а) Прочитайте словосочетания, вместо точек добавляйте родовые окончания прилагательных.

Дружн...	звено	Тепл...	дни
Дружн...	семья	Тепл...	ветер
Дружн...	класс	Тепл...	утро
Дружн...	ребята	Тепл...	погода

Задания 2.

Спишите. Вместо точек вставьте подходящие прилагательные.

Подчеркните окончания.

- Сахар сладкий, а перец ...
- Лимон кислый, а груша ...
- Огурец зеленый, а морковь ...
- Помидоры красные, а капуста ...
- Уголь черный, а снег ...
- Летом дни длинные, а зимой дни ...

Задания 4.

- | | | |
|------|--|------|
| Игра | Да | Нет. |
| ω | Подлежащее – это главный член предложения. Да Нет. | |
| ω | Фонетика изучает части речи. Да Нет. | |
| ω | Сказуемое – это второстепенный член. Да Нет. | |
| ω | Дополнение – это главный член. Да Нет. | |
| ω | Лексика изучает словарный состав языка. Да Нет. | |
| ω | Имя существительное обозначает предмет. Да Нет. | |
| ω | Глагол обозначает признак предмета. Да Нет. | |
| ω | Основа это часть слова без окончания. Да Нет. | |

Задание 5.

Напишите ответы на вопросы. Подчеркните определения.

- | | |
|---|---|
| ω | Горький (ая, -ое, -ие) Какой перец растет на грядке? |
| ω | Сладкий (ая, -ое, -ие) Какое печенье лежит в вазе? |
| ω | Кислый (ая, -ое, -ие) Какой лимон лежит на столе? |
| ω | Соленый (ая, -ое, -ие) Какие огурцы лежит в бочке? |
| ω | Вкусный (ая, -ое, -ие) Какое молоко продается в магазине? |

Задание 5.

Работа с кластером.

Задание 7.

Найдите определение.

- | | |
|-------|---------|
| | щенок |
| | книга |
| | Родина |
| | журнал |
| | человек |
| | лиса |
| | ученик |

7. Домашнее задание

Заключительное слово учителя.

Вот и подходит к концу наш урок. Ребята, вы все хорошо и добросовестно подготовились к этому уроку. Мне было очень интересно и легко с вами работать. Вы показали свои знания по русскому языку. По многим разделам программы. Мы сегодня повторили, обобщили и систематизировали ваши знания. Благодарю всех гостей, которые пришли болеть за вас. А вам, ребята, спасибо за труд.

Желаю вам цвести, расти

Копить, крепить здоровье!

Оно для дальнего пути-

Главнейшее условие.

**Атырау облысы Қызылқоға ауданы
 Мұқыр орта мектебінің мұғалімі
 Сұлтанғалиева Шолпан Мұхамбетжанқызы**

Пәні: «Ғылымдар патшасы»

Сыныбы: 3 «б»

Сабақтың тақырыбы: 9 санын көбейту мен бөлу

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың санды 9-ға көбейту мен бөлуді қайталау. Өтілген сабақ бойынша түсініктер беріп, білім-білік дағдыларын қалыптастыру. Көбейту, бөлу амалдарын шығаруға машықтандыра түсу. Оқушыларды ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, тапқырлыққа, білімпаз болуға, ақыл-ой белсенділігін арттыруға тәрбиелеу. Логикалық ойлау қабілетін оқушының белсенділігін түрлі тапсырмалар орындау барысында шығармашылық іскерлік қабілеттерін арттыру.

Сабақ түрі: Жарыс сабақ

Сабақ әдісі: сұрақ-жауап, топтастыру, ой-толғаныс.

Көрнекілік: интерактивті тақта.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру бөлімі

Психологиялық дайындық

Кел, балалар, ойнайық. Ойнайық та, ойлайық.

Қандай есеп болса да, Шешпей оны қоймайық.

II. Өткен тақырыпты қайталау. Ауызша жұмыс

Ойын: «Жылдам есептеу»

- | | | |
|-------|--------|-------|
| 72+5= | 80:5= | 19*2= |
| 16*5= | 78:3= | 13*7= |
| 26*3= | 85-80= | 83*2= |

Сыныпты үш топқа бөлу

I топ: «Тапқырлар»; II топ: «Зеректер»; III топ: «Алғырлар»

III. Жаңа сабақ

-Бүгін біз «Ғылымдар патшалығына» қонаққа барамыз. Онда тапқыр, зерек, алғыр математиктер тұрады. Тапсырмаларды орындай отырып, қақпаларды ашсаңдар сыйлық аласыңдар.

-Балалар, сонымен бүгін біз * 9, : 9
 $9 * 9 = 9 * 8 + 9$, $9 * 9 = 81$, $81 : 9 = 9$

1-тапсырма: «Кім тапқыр?» ойыны

Орындағанда **тас қақпаны** ашатын кілт табылады.

2-тапсырма: «Есепті шығар!»

Балабақшаға 18 бөтелке сүт және 36 бөтелке айран әкелінді. Оларды 9 топқа тең бөліп берді. Әр топ неше бөтелке сүт және неше бөтелке айран алды?

Орындағанда **тас қақпа** ашылады.

3-тапсырма: «Топтық жұмыс»

Орындағанда **күміс қақпаны** ашатын кілт табылады.

Сергіту сәті

Қостық біз, көбейттік біз,

Қатты шаршап кеттік біз.

Қане, тұра қалайық,

Қимылдасын қол-аяқ,

Кіргікті де қағайық, терең демді алайық.

Орнымызға отырып,

Сабаққа назар салайық.

4-тапсырма: «Сандық ребус»

I топ:

$K+3+ik$, тү+1;

II топ:

Дер+5, жел+90;

III-топ:

6+бақан, 9+құмалақ.

Тапсырманы орындаған кезде **күміс қақпа** ашылады.

5-тапсырма: «Жұмбақ есеп»

I топ	II топ	III топ
Көбелектер далада, Гүл күлтесін санаған. Әрбір гүлде 5 күлте, Алты гүл бар жиыны. Күлте нешеу, санашы, Бар ма оның қиыны?	Маймылдың үш баласы, Дүкен жаққа сабылды. Әрқайсысына оқитын, 5 кітаптан алынды. Тек ақымақ маймылдар, Дұрыс санай алмады, Неше кітап, көмектес, Маймылдардың алғаны?	Ойлап ешкі лақтарын, Әкелді ағаш бұтақтарын. Он алты бұтақ барлығы, Еденге қойды, төрт лаққа, Бөледі қалай, ал мұны?

Орындағанда **алтын қақпаны** ашатын кілт табылады.

6-тапсырма: «Логикалық есептер»

I топ	II топ	III топ
Бір адам қалаға бара жатыр еді, жолда оған 3 танысы қарсы келді. Қанша	Пойыздың 10 вагоны бар. Бауыржан басынан санағанда 5	Дәу тоғыз қабатты үйдің 3 қабатында тұрады. Бір күні ол жоғары

адам қалаға барды?	вагонға отырып, ал Ұлан аяғынан санағанда 5 вагонға отырды. Екеуі бір вагонға отыруы мүмкін бе?	қабатта тұрғысы келіп, үйді төңкеріп қойды. Дәу енді нешінші қабатта тұрады?
--------------------	---	--

Орындаған кезде **алтын қақпа** ашылады.

Қорытынды: «Ой толғаныс» «**Сиқыршы болып көр**»

Бірліктерін 9-ға көбейткенде * 9 = қолданылатын екі таңбалы сандарды жаз.

9-ға қалдықсыз бөлінетін бір сан ойла. Ол санды 2, 3 және 6 сандарына жеке-жеке бөл. Шыққан бөлінділердің мәндерін қос. Сонда ойлаған сан шығады.

Мадақтау.



www.bilimnur.kz

www.bilimnur.org

Халықаралық Интернет журнал



ЖАЛПЫ ШАРТЫ:

Басылымдар:
 45minut.kz,
 Bilimnur.kz,
 Bilim-gylym.kz,
 Orley.kz,
 Metodist.kz

1-2-3-4-5 материал жіберуге болады.

Материал 5 (Бес) сайтта жарияланады.

5 сертификат + 2 алғыс хат әзірленеді.

Әзірлену ақысы: 3 (Үш) мың тенге.

Акцияға қатысушы ұстаздардың оқушылары үшін:

Оқушылар материалдары тегін жарияланады.

Алғыс хат, I-II-III дипломдары тегін беріледі.

ИП НАГИЕВ - BILIMNUR.KZ

Назначение платежа: Услуги

ИНН: 750505300020

KZ 9160 1000 2108 6210 63

АО «Народный Банк Казахстан»

БИК: HSBKCKZKX K6e 19, КНП 859

Сертификат электронды түрде жіберіледі.

Материалдар,
 квитанция
bilimnur@bk.ru
 қабылданады.
 Whatsapp:
 87770550590

**ДЕЙСТВУЮЩИЕ
 АКЦИИ НА
 ТЕКУЩИЙ МЕСЯЦ**

ҰСТАЗДАРҒА ТАРАТЫҢЫЗ...

МББ аты: «Республикалық 45minut.kz» газеті

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: аптасына 1 рет

Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Нагиева Ш. Б» ЖК (Ақтөбе облысы)

Бас редакторы: Нагиев С.И

Негізгі тақырыптық бағыты:

білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

Батыс Қазақстан облыстары бойынша редакция:

Ақтөбе қаласы. 11 ықшам аудан, 115 үй – 146 «А»

«Республикалық 45minut.kz» газетіне жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес. Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Апталық Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, 2012 жылғы 19 наурызда № 12341-Г куәлігі берілді.

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Газет ЖК «Канеев Е.К» баспаханасында басылды.

Алматы қаласы. Бурундай көшесі - 107.